



3-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## Этикадағы объективизм бағыты






Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Этикадағы объективизм бағыты

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

## Этикадағы объективизм бағыты

Өткен жолы қарастырған интуитивизм, субъективизм және эмотивизм бағыттарынан өзгеше бір бағыт – объективизм деп аталады. Бұл моральдық теория моральдың біршама объективті көздеріне ұмтылады. Бұл көзқарас тұрғысынан біздің түрлі нәрселерге қатысты субъективті және эмоциялық реакцияларымыздың негізін құрайтын объективті себептері болуы тиіс. Өзіміз қалайтын нәрселерді жақсы деудің орнына, этика саласындағы объективист біздің субъективті реакцияларымыздан бөлек, қандай да бір нәрсенің немесе құбылыстың өздігінен игілікті болуына ден қоя отырып, жақсы, игі нәрселерді, әрекеттерді жасауымыз қажет деп сендіреді. Ежелгі грек философы Платонды бұл тұрғыда объективист деп атауға болады.



*Платон (б.з.д. 429 және 427 жж.) – ежелгі грек философы, Сократтың шәкірті, Аристотельдің ұстазы.*

Объективистердің пікірінше, құндылықтардың объективті шындығы, түпнегізі бар, яғни олар – ақыл-парасатпен танып-білуге қолжетімді объектілер, ал субъективистердің ерекшелігі – олар құндылықты пайымдардың тек адам сезімдерімен танылатын субъективті пікірді білдіретінін айтып сендіреді. Платонның айтуынша, «Игілік» деп аталатын әлдебір ұғым немесе идея бар, ал біз адамгершілік туралы біздің субъективті моральдық пікірлерімізді осы объективті стандартпен салыстыра аламыз. Құдайдағы ізгілік болмысын дәлелдегісі келетіндерді объективистер деп атауға болады. Олардың қатарына денелердің табиғи немесе объективті ерекшеліктері мен олардың функцияларына баса назар аударатын табиғи құқық этикасының белгілі бір формасын қолдап-қорғайтындарды да жатқызуға болады. Бір қызығы, бұл мағынада социобиологияның ұстанымын объективистік деп атауға болмайды. Социобиолог моральға қатысты өз зерттеуін әлемнің объективті фактілеріне негіздейтініне қарамастан, ол моральдық пайымдаулардың өздерін моральдық фактілер деп санамайды. Бұған мысал ретінде социобиолог Майкл Рьюздың сөзін келтірейік.



*Майкл Рьюз (ағылш. Michael Ruse; 21 маусым 1940ж.) – ғылым философы. Көптеген ғылыми кітаптар мен мақалалардың авторы, Biology and Philosophy ғылыми журналының негізін қалаушы.*

Оның айтуынша:

*Социобиологтар ретінде айтуға болатын жалғыз ақылға қонымды нәрсе мынадай: мораль дегеніміз - біздің эволюциялық мақсаттарымызды ілгерілету үшін биологияның бізді сендіретін дүниесі.*

## Этикадағы ішкі және инструментал игіліктер

Рьюздің этикадағы объективтілікті жоққа шығаруының нәтижесінде туындайтын мәселелердің бірі – ішкі және инструменталды игіліктер арасындағы айырмашылық. Инструменталды игіліктер дегеніміз – құралдар немесе аспаптар ретінде пайдалы нәрселер – біз оларды қандай да бір басқа мақсатқа жету құралы ретінде құнды санаймыз. Ішкі игіліктер дегеніміз – өз алдына немесе өздігінен құнды нәрселер. Мысалы, біз өмір дегеніміз – ішкі игілік және түбегейлі құндылық деп айта аламыз. Ал қорек немесе тамақ дегеніміз – инструменталды игілік, себебі ол өмірді сақтап отыру үшін қолданылатын құрал немесе амал. Рьюздің көзқарасы тұрғысынан, моральдың өзі – басқа мақсаттарға қолжеткізу үшін эволюцияның қолданатын инструменталды игілігі ғана. Бұл ұстанымға сенсек, мораль дегеніміз – адамзат баласына аман қалуға көмектесетін құрал ғана. Ағылшын ғалымы, биолог және атеист Ричард Докинздің эгоистік ген гипотезасы жекелей адамдарды генетикалық ақпаратты тасушылар ретінде құрал тұрғысынан ғана қабылдайды: «Біз – аман қалуды көздейтін машиналарымыз, ген ретінде танымал эгоистік молекулаларға



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Этикадағы объективизм бағыты

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

кызмет етуге көзсіз бағдарламаланған роботпыз» дейді ол.

*Клінтон Ричард Дюкинз (ағылш. Clinton Richard Dawkins; 26 наурыз 1941, Найроби, Британдық Кения) — ағылшын этологы, эволюциялық биолог, ғалым және ғылымды таратушы.*



Бұл пікір адам баласы ішкі және туа бітті құндылыққа ие деп сендіретін біздің әдеттегі моральдық көзқарасымызға қарама-қайшы. Кей нәрселер ішкі құндылыққа ие деген идея этиканы объективті деп санайтын түрлі ұстанымдар үшін ортақ ұстаным. Әрбір нәрсенің ішкі құндылығы осы зат туралы объективті шындық болуы тиіс, әрі оның бұл нәрсеге байланысты біздің субъективті реакциямызға ешбір қатысы жоқ. Ішкі құндылық туралы тұжырымдамалар адам құқықтары мен қоршаған орта туралы пікір-таластарда жиі байқалады. Адамзат, экожүйелер немесе түрлер ішкі құндылыққа ие ме, әлде бұл нәрселердің құндылығы біздің субъективті реакцияларымызбен және олардың инструменталды қолданылуымен толығы ма? Бұл сұрақ бізге метаэтикалық теориялардың практикалық сұрақтармен байланыстылығын көрсетеді.

### Этикалық пайымдау және оның дәлелдері

Ендігі кезекте біз жалпы этикалық пайымдау дегеніміз не және ол қандай дәлелдерді пайдаланады деген сұрақты түсіндіріп көрсек.

Этикалық мәселелерді ойластырғанда немесе ортаға салғанда дұрыс пайымдап, ой тарқата білу өте маңызды. Бұл даулы этикалық сұрақтар туралы не ойлауды анықтап алуға ғана емес, нені дұрыс деп санайтыныңызды дәлелдеуге және басқалардың көзқарастарына сауатты сыни баға беруге көмектеседі.

Этикада дұрыс ой тарқата білу үшін сізге жақсы дәлелдің не екендігін түсініп алған жөн. Бүз мұны дәлелдің негізгі құрылымына көз сала отырып, іске асыра аламыз. Бұл тек ненің жақсы немесе дұрыс екендігі туралы этикалық дәлелдердің ғана емес, сонымен бірге негізгі мәселенің неде екенін немесе ненің ақиқат екендігі туралы дәлелдердің үйлесімді құрылымын білдіреді.

Айталық, сіз жағада тұрсыз, ал судағы бір кісі айғайлап, көмекке шақыруда. Сіз бұл кісіні құтқаруға талпынуға тиіссіз бе? Сіз жүзе білуіңіз де, білмеуіңіз де мүмкін. Сіз адамды құтқара алатыныңызға сенімді немесе сенімсіз болуыңыз ықтимал. Алайда, бұл жағдайда, сіздің ой тарқатып тұратын уақытыңыз жоқ, себебі сіз шұғыл әрекет етуге мәжбүрсіз. Бір жағынан, егер бұл тек қиялдағы жағдай болса, сіз адамды құтқаруға талпынуды қолдайтын және оған қарсы себептерді ойластыруға тиіс болар едіңіз. Сіз адамды расымен де құтқара алатын болсаңыз, талпынып көруге тиіспін деген шешімге келуіңіз мүмкін. Мұндай жағдайда сіздің ой-пайымыңыз мынадай болуы ықтимал: біріншіден, әрбір адам өмірі құнды.

*Мұндай өмірді құтқарып қалуға мүмкіндігі бар қолдан келер амалдың бәрі жасалуы қажет.*

*Осы адамды құтқарып қалу үшін менің жүзіп баруым оның өмірін сақтап қалуға көмек болуы мүмкін.*

*Демек, мен мұны істеуге тиіспін.*

*Яғни, сіздің ой өрнегіңіз жобамен осылай болады.*

*Не болмаса, сіз бұл адамды құтқара алмаймын деген шешімге келіп, керісінше, сіздің ой тарқатуыңыз былай өрбуі мүмкін:*

*Әрбір адам өмірі құнды.*

*Мұндай өмірді құтқарып қалуға мүмкіндігі бар қолдан келер амалдың бәрі жасалуы қажет.*

*Олай болса, менің бұл өмірді құтқарып қалатын еш мүмкіндігім жоқ, себебі мен жүзе алмаймын.*

*Яғни, мен оны құтқаруға талпынуға міндетті емеспін (әйткенмен, көмектесу қолынан келетін басқа жандар бар, ал мен оларды көмек көрсету үшін шақырып, көмегімді осылай берер едім) дейтін боларсыз.*

Кей тізбектер мұнда келтірілген тізбектен ұзағырақ және күрделірек екендігіне қарамастан, мұндай құрылым кез-келген этикалық дәлелде астарлы түрде қамтылады. Себебі, «сондықтан» және «соны ескере отырып» деген сияқты кілтті сөздердің кірістірілуіне қарай дәлелдемелердегі ой тарқату амалын анықтауға болады. Қорытынды жиі «демек» және «сондықтан» деген терминдерді қамтиды. Қорытындыны



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Этикадағы объективизм бағыты

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

растайтын пайымдаулар алғышарттар деп аталады. Дәйекті дәлелдемеде алғышарттар ақиқат және олардан қорытындылар өрбиді. Біз осыған дейін ұсынылған жағдайда сіз осы кісіні құтқара аласыз ба, сондай-ақ, оның өмірі құнды ма деген сұрақтардың жауабын білгіміз келеді. Сонымен бірге, біз қорытынды, расымен де, алғышарттардан тарқатылып шыға ма деген сұрақтың жауабын білуіміз қажет. Жоғарыдағы мысалдарға келсек, біз «ия, тарқатылып шығады» дер едік. Егер сіз өмірді құтқара алатын нәрсені істеуім керек десеңіз, әрі бұл қолыңыздан келсе, демек, сіз мұны жасауға міндеттісіз. Алайда, дәлелдеме келтіруге қажет басқа да принциптер болуы мүмкін, мысалы, адамның қолынан келсе, ол біреудің өмірін әрдайым құтқару қажет пен және мұны не себепті жасауы тиіс? деген сияқты сұрақтар да жауапты талап етеді.

Қай жағдайларда қорытынды шынымен де алғышарттардан тарқатылатынын білу үшін біз дәлелдемелерді біршама егжей-тегжейлі талдап шығуымыз керек. Әйткенмен, бұл байланыс қисынды десек жетерлік, басқаша айтқанда, ол ақылға қонымды болуы тиіс. Сіз этикадағы ой тарқату қабілетіңізді алдымен дәлелдемедегі себептер мен қорытындыны сәйкестендіре білу арқылы жетілдіре аласыз. Содан кейін ғана сіз оларды біздің мұнда ұсынып отырған амалдармен сыни тұрғыда тексерсеңіз болады.

Этикадағы тағы бір күрделі мәселе - этикалық бағалау және жақсы дәлелдеме келтіру.

Этикалық пайымдау жақсы немесе саяз жасалуы мүмкін. Этикалық дәлелдемелер де жақсы немесе сенімсіз құрылуы мүмкін. Жақсы дәлелдеме дегеніміз – қисынды дәлелдеме. Оның алғышарттардан дәйекті қорытынды шығатын негізделген формасы бар, ал қорытынды үшін келтірілген алғышарттар немесе себептер ақиқат болып табылады. Жаңсақ немесе ақиқат емес және анық емес себептерге негізделген болса, дәлелдеме тұрақсыз құрылған болады. Этикалық дәлелдеме әрдайым, мысалы, өмірді құтқару дегеніміз – жақсы деген сияқты құндылықтар туралы тұжырымды қамтиды. Осындай құндылыққа негізделген тұжырымдар белгілі бір құндылықтар теориясының көмегімен бекітілуі тиіс. Сіздерге ұсынылып отырған кітаптың бірінші бөлімінде негізгі құндылықтарды анықтап алуға көмектесетін түрлі теориялар қарастырылады.

Этикалық дәлелдемелер, сонымен бірге, тұжырымдамалық және нақты мәселелерді қамтиды. Тұжырымдамалық мәселелер дегеніміз – терминдердің немесе ұғымдардың мәніне қатысты сауалдар. Мысалы, өтірік айтуға келсек, біз өтірік айту дегеніміз шын мәнінде не екенін білгіміз келеді. Ол ауызша болуы тиіс пе? Ол үшін біреуді алдап соғу ниеті болу керек пе? Алдау дегеніміздің өзі не? Этикалық дәлелдемелер үшін басты маңызға ие басқа да тұжырымдамалық мәселелер қатарына, мысалы, жасанды түсікке қатысты дәлелдемелерде «Жеке тұлға» дегеніміз кім?» және мысалы, өлім жазасына кесуге қатысты дәлелдемелерде «Қатыгез және әдеттегіден тыс жазалау дегеніміз не?» деген сияқты сұрақтар жатуы мүмкін. Кей кездері этикалық мәселеге байланысты пікірлердің арасындағы айырмашылықтар құндылықтардың өзіне емес, қолданылатын терминдердің мәніндегі ерекшеліктерге қатысты туындауы ықтимал.

Этикалық дәлелдемелер жиі нақты тұжырымдарға негізделіп жатады. Біз осыған дейін келтірген мысалда сіз суға батып бара жатқан адамды расымен де құтқара алар ма едіңіз деген сұрақтың жауабын білгіміз келер еді. Өлім жазасы туралы дәлелдемелерде біз жазалаудың бұл түрінің ауыр қылмыстардың алдын алушы ықпал ретіндегі әсерін білгіміз келуі мүмкін. Бұл жағдайда біз ғылыми зерттеулердің нәтижелерін және осы саладағы зерттеулердің өздерінің жеткілікті деңгейде дәлелді екенін анықтап алуымыз керек. Қисынды фактілермен негіздеуге қолжеткізу үшін біз сенімді ақпарат көздерінің бірқатарын іздеп, ой-санамыздың түрлі ақпаратты қабылдауға ашық болуына талпынамыз. Бұл кітаптың II бөлімінің тараулары қарастырылатын тақырыптар бойынша этикалық шешімдерге қатысты нақтылай материалды қамтиды.

Моральдық қайшылықтар мен пікір-таластарды қарастыру барысында фактілер мен құндылықтар арасындағы айырмашылықтарды анық түсіне білген маңызды. Біз өзімізге осы мәселеге байланысты ұстанатын құндылықтармен, өзіміз пайдаланатын ұғымдармен және терминдермен немесе фактілермен келіспейміз бе деген сұрақты қоюымыз қажет.

Ой-пайымдарды бұрыс немесе жаңсақ ететін түрлі амалдар бар.

Мысалы, сіз ұқсастықтан немесе аналогиядан шығатын аргументтер сияқты этикада жиі қолданылатын ой-пайымдаудың ерекше түріне назар аудару арқылы этикалық аргументтерді түсінуіңізді жетілдіре аласыз.

Сайып келгенде, қорытындыны дәлелдеу себептерін атаудың өзі де адамның бірдеңеге не себепті сенетініне түсініктеме берумен бірдей емес екендігін атап өтуіміз қажет. Әйел адам өзі солай тәрбиеленгендіктен, эвтаназияны қолдамайтынын немесе біреудің өмірмен қоштасып жатқанын көруге шыдамайтындықтан, өлім жазасына қарсы екендігін айтып түсіндіре алады. Мұндай сенімдердің дұрыстығын дәлелдеу үшін адамның бірдеңеге неге сенетіндігін көрсететін себептерді емес, оған неге





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Этикадағы объективизм бағыты

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

сенуі тиіс екендігін көрсететін себептерді атау қажет. Қисындастыру, яғни ақыл-оймен түсіндіру де себептерге дәлел бола алмайды. Этикалық мәселелерге қатысты дұрыс пайымдау үшін біз өзіміз жасайтын қорытындыларға негіз болатын себептерді тексеріп, дұрыс келтіре білуіміз қажет.

Этикадағы жақсы ой-пайымдау, әдетте, этикалық теорияға жасырын немесе ашық түрде арқа сүйеуді талап етеді. Этикалық теория дегеніміз – табиғатқа және ізгілік немесе дұрыстылық негіздеріне нақты, дәйекті көзқарас таныту. Теория іс-әрекеттердің дұрыстығы немесе бұрыстығы туралы пікір айту үшін дәлелдерді немесе нормаларды алға тартады. Яғни, бұл нормалар іс-әрекетке нұсқау ретінде қолданылуы мүмкін.

Сонымен, этикалық пайымдаудың ең жоғары, теория деңгейінде біз ізденісімізді негізгі этикалық құндылықтар дегеніміз не екендігін анықтаудан бастай аламыз. Одан соң біз теориядан туындайтын принциптер деңгейіне өтеміз. Келесі қадам – бұл принциптерді нақты жағдайларға қатысты қолдану. Сонымен бірге, біз сатының төмен тұсынан бастап, нақты этикалық таңдау немесе диллемаға бетпе-бет келсек болады. Біз қайтадан сатымен жоғары көтеріліп, біздің нақты шешімдерімізге жанама түрде бастау болатын принциптер мен теорияларға ой жүгірте аламыз. Сайып келгенде және ең дұрысы, біз этикалық теорияның басты дәлелдемесіне немесе оның құрамдастарына келеміз. Уақыт өте келе өздерінің этикалық көзқарастарын дамытып отыратын, ой-пайымдайтын адамдардың шынайы тәжірибесіне көз жүгіртсек, бұл қозғалыс екі бағытта да жүзеге асатын сияқты. Біз өзіміздің негізгі этикалық көзқарастарымызды өзгерту үшін нақты жағдайларды басшылыққа аламыз, әрі нақты жағдайларды дұрыс ұғыну үшін өзіміздің негізгі этикалық көзқарастарымызды нұсқау етеміз.

Екі жақты қозғалыстың мысалы ретінде мынадай жағдайды атасақ болады: ләззаттану ең жоғары құндылық деген сенімнен бастасақ, уақыт өте келе біз бұл құндылықты басшылыққа алу іс жүзінде қисынды моральдық көзқарасқа қарсы немесе өзіміз үшін де, басқалар үшін де жиіркенішті әрекеттерге алып келетінін көреміз. Сонда біз бұл ойымызға сынмен қарап, ләззаттанудың моральдық мәніне қатысты көзқарасымызды өзгертуіміз мүмкін. Немесе біз теориялық ой-пікірлерімізді басшылыққа ала отырып, нақты бір әрекетіміздің немесе тәжірибеміздің дұрыстығына немесе бұрыстығына деген көзқарасымызды өзгерте аламыз. Байқауымызша, моральдық ой-пайымдаудың бұл үлгісі айтарлықтай оңайлатылған сияқты. Феминистер мен басқа да теорияларды ұстанушылар этикалық ой-пайымдаудың бұл үлгісін сынға алды, бір жағынан, бұған себеп мына ой: этика ортақ принциптерді ұстанады, яғни, олар, болжам бойынша, барлық этикалық жағдайларда бірдей қолданылуы тиіс. Ой-пайымдаудың бұл формасы жекелей, нақты жағдайлардың ерекшелігін жеткілікті деңгейде ескере ме? Біз, расымен де, нақты жағдайларда не жасауымыз керектігін білуге көмектесу үшін осы мәселелерде ерекше рөл ойнайтын ақиқаттың немесе батылдықтың құндылығы туралы жалпы шешім қабылдай аламыз ба?

Ендігі кезекті этикалық теория типтеріне берсек.

## Этикалық теория типтері

Бұл кітаптың бірінші бөлімінде біз мораль теориясының келесі типтерін кездестіреміз: олар - эгоизм мен контрактаризм, утилитаризм, деонтологиялық этика, табиғи құқық, ізгілік этикасы және феминистік этика. Бұл теориялар әрекеттер немесе тәжірибелер турасында моральдық пайым жасағанда неге баса назар аудару керектігіне қарай өзгешеленеді. Мысалы, менің дұрыс әрекет жасауға талпынғанымның немесе ниетім түзу болғанының моральдық мәні бар ма? Біздің ойымызша, әлбетте, мұның моральдық мәні болуы тиіс. Алайда, ниетім түзу бола тұра, мен біреудің құқығын аяқ асты еттім делік. Демек, бұл жаман әрекет ете пе? Бәлкім, біз «ия» дегіміз келетін болар. Дегенмен, айталық, біреудің құқығын бұзу арқылы мен үлкен игі іс жасауым мүмкін. Бұл уәж құқықтың аяқ асты болуын ақтай ала ма? Кей теориялар әрекеттерді олардың астарындағы ниетіне қарай бағалайды, кейбірі – әрекеттің өзінің сипаты немесе бастауына, ал басқалары жағдайларға әрекеттердің немесе тәжірибенің салдары тұрғысынан баға береді.

Біз ой-пікірдің осындай түрлерінің біріне жиі жүгінеміз. Мысалы, мен Серік есімді адамға өтірік айтқан бір жағдайды алып қаралық. Біз осы әрекетке қатысты мынадай пікірлер білдіруіміз мүмкін. Пайымдауды дәлелдеудің түрлі типтеріне назар аударыңыз. Бұл жердегі ой пайымдаудың негізгі үш құрамдасы бар, олар: **Себеп** (одан шығатыны) → **Әрекет** (ал одан шығатыны) → **Салдар**.

## Этикалық пайымдаудағы себеп, әрекет, салдар

Енді осы үш элемент бойынша түрлі нұсқаларды қарап көрейік. Біріншісі:

Менің өтірік айтқаным жақсы, себебі мен Серікке өтірік айту арқылы оны бақытты етуге ниеттендім,



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Этикадағы объективизм бағыты

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

немесе бұл жаман, себебі мен оған өтірік айтып, оған зиян келтіргім келді. (Бұл себепке байланысты нұсқалар).

Ендігі кезекте – әрекет. Яғни, менің бұл әрекетім жақсы, себебі адамдарды бақытты ету – жақсы, немесе бұл әрекет жаман, себебі өтірік айту қашанда дұрыс емес. (Яғни біз әрекеттің моральдық бағасын береміз).

Әрі қарай – салдар.

Салдарға келгенде өтірік айту жақсы, себебі бұл Серікке өзін-өзі құрметтеу сезімін нығайтуға жәрдемдесті, немесе бұл жаман, себебі бұл Серікті өзі туралы жалған нәрсеге сенуге мәжбүр етті. (Яғни, салдардың екі нұсқасы осындай).

Әдетте, біз адамның ниеті оның әрекеті туралы жалпы моральдық пайым жасауға негіз болады деп санасақ та, ең алдымен, біз бұл ниет ең алдымен адамға қатысты біздің моральдық бағалауымызды көрсетеді деп ойлауға бейімбіз. Сонымен бірге, әрекеттердің салдары моральдық мәнге ие деп санауға салмақты негіз бар. Моральдық пайымдарды салдарларына қарап бекітетін теориялар консеквенциалистік немесе, кейде, телеологиялық моральдық теориялар деп аталады (мұндағы телеологиялық сөзі «мақсат» немесе «нысан» дегенді білдіретін грекше telos сөзінен алынған). Әрекеттер, салдарына қарамастан, дұрыс немесе бұрыс болуы мүмкін деп санайтын теориялар нонконсеквенциалистік немесе деонтологиялық теориялар деп аталады (яғни, бұл «парыз» дегенді білдіретін deon деген грек түбірсөзінен алынған термин).

Біз қарастырып көретін моральдық теориялардың бірі – утилитаризм. Ол бізге әрекет оның нақты немесе болжамды нәтижелері немесе салдарлары бойынша баламаларынан артық па деген шешім шығаратын консеквенциалистік моральдық теорияның үлгісін көрсетеді, сондықтан әрекеттерге олардың адам бақытын қамтамасыз етуі тұрғысынан баға беріледі. Біз алда қарастыратын Канттың моральдық теориясы - нонконсеквенциалистік теорияның үлгісі, оған сай, әрекеттер, олардың салдарларына қарамастан, дұрыс немесе бұрыс деп бағаланады; атап айтсақ, әрекеттерге олардың ақыл-парсат пен адамгершілік арының талаптарына сәйкестілігіне қарай баға беріледі. Біз қарастыратын басқа этикалық теориялар адам табиғатын ненің дұрыс және бұрыс екендігін анықтайтын өлшем ретінде есептейді. Бұл теориялардың кейбір элементтері - деонтологиялық, ал кейбірі – телеологиялық. Оған қоса, кейбір телеологиялық теориялар бізге жақсы нәрселерді жасауға кеңес беруіне қарай консеквенциялық сипатқа ие. Алайда, егер жақсылық, ізгілік немесе өзін-өзі таныту сияқты, – мұрат болса, онда мұндай теориялар утилитаризм сияқты консеквенциалистік теориялардан өзгеше. Көптеген этикалық теорияларды реттеп, сараптамақ болып әрекет жасағандарға мәлім болар: ешбір теория нақты бір жіктемеге, тіпті осында келтірілгендерге де толығымен сай келмейді. Қамқорлық жасаудың феминистік теориялары істеуге міндетті нәрселерді анықтаудың басқа жолын ұсынады. Алдағы дәрістерде біз бірнеше нақты этикалық мәселелерді қарастырамыз. Сонымен бірге, біз түрлі этикалық теориялар мәселелерді түрлі көзқарас тұрғысынан қалайша саралайтынын және ненің моральдық жағынан дұрыс немесе бұрыс, жақсы немесе жаман екеніне байланысты кейде түрлі қорытындыға келетінін көретін боламыз.

Ал, олай болса, біз бүгінгі дәрісімізді тәмамдаймыз. Өздеріңіз көріп отырғандай, этика мәселесінде, соның ішінде, этикалық тұжырым жасап, қорытындыға келгенде, жағдай бір қарағандағыдай оңай емес екен.

### Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Alfred North Whitehead, *Process and Reality* (New York: Macmillan, 1929).
2. E. O. Wilson, *Sociobiology: The New Synthesis* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1975).
3. E. O. Wilson, *On Human Nature* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978).
4. See Richard Dawkins, *The Selfish Gene* (Oxford: Oxford University Press, 1989).
5. See Frans de Waal, *Good Natured: The Origins of Right and Wrong in Humans and Other Animals* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1996).
6. Morton Hunt, *The Compassionate Beast: What Science Is Discovering about the Human Side of Humankind* (New York: William Morrow, 1990).
7. G. E. Moore, *Principia Ethics* (Buffalo, NY: Prometheus, 1903).
8. W. D. Ross, *Foundations of Ethics* (Oxford: Clarendon Press, 1939).
9. Michael Ruse, *Sociobiology: Sense or Nonsense?* (New York: Springer, 1985).
10. Richard Dawkins, *The Selfish Gene, 30th Anniversary Edition* (Oxford: Oxford University Press, 2006).



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Этикадағы объективизм бағыты

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

### **Глоссарий:**

Объективизм – этикалық қағидалар объективті фактілерге қатысты деген метаэтикалық идея (субъективизмге қарсы); сондай-ақ, қараңыз: моральдық реализм.

Өзіндік құндылық – бірдеңеге оның өзінің табиғаты бойынша тән, қандай да бір басқа құндылыққа немесе игілікке қатысы жоқ құндылық; сондай-ақ қараңыз: ішкі құндылық.

Инструментал құндылық – қандай да бір басқа игілікке жету құралы ретінде пайдалы немесе тиімді нәрселер (ішкі игіліктерге қарама-қарсы).

Ішкі құндылық/игіліктер – аспап немесе құралдар ретінде ғана емес, өздігінен құнды нәрселер (инструментал игіліктерге қарама-қарсы); сондай-ақ қараңыз: ажырамас, өзіндік құндылық.

Эгоизм – нормативті немесе этикалық эгоизм біз өз мүддемізді көздеуіміз тиіс деп тұжырымдайды; дескриптивті эгоизм (немесе оны психологиялық эгоизм деп те атайды), шын мәнінде, біз тек өзіміздің жеке мүддемізді ғана көздей аламыз деп есептейді (альтруизмге қарама-қарсы).